

Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 сәуірде № 10618 тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 2-тармағына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2019 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары бекітілсін.

2. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіпен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
2 наурыздағы
№ 4-6/181 бұйрығымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақшаны жұмсау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 70-бабы 2-тармағына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 13-1-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидалардың әрекеті ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемеге (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) қолданылады.

3. Мемлекеттік мекеме:

- 1) топыраққа агрохимиялық зерттеп-қарау жүргізу;
- 2) өсімдік шаруашылығы өнімдері мен өңделген өнімдерінің сапасын бағалау;
- 3) жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылардың өтініші бойынша топырақтың құрамындағы макро-, микроэлементтерге, ауыр металдарға, су сорындысына қосымша зерттеп-қарау жүргізу;
- 4) сынақтан өткізу нәтижелері бойынша қорытынды бере отырып, аспаптар мен зертхана жабдығын, агрохимия саласындағы химиялық талдау әдістемелерін байқаудан өткізу;
- 5) топыраққа, өсімдік шаруашылығы өнімдері мен өңделген өнімдеріне химиялық талдау жүргізудің, тынайтқыштар жүйесін жасаудың, жер учаскелерін пайдаланудың

әдістері мен қағидалары жөнінде консультациялық қызметтер көрсету бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2019 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ақылы қызмет көрсету жеке және заңды тұлғалармен шарттық негізде жүзеге асырылады.

2. Ақылы қызмет түрлерін көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

5. Мемлекеттік мекеме өз қызметіне сәйкес көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жеке және заңды тұлғалардың еркін нысандағы жазбаша өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде көрсетеді.

6. Өтініштерді қабылдауды мемлекеттік мекеменің жауапты лауазымды тұлға жүзеге асырады.

7. Өтініш төмендегідей мәліметтер көрсетіле отырып, өтініш берушіге өтініш қабылданғаны туралы қолхат беріліп, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысандаға тіркеу журналында тіркеледі:

- 1) өтініш тіркелген нөмір мен қабылданған күн;
- 2) ақылы негізде көрсетілетін қызметті өткізу бойынша қызмет түрі;
- 3) өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).

8. Мемлекеттік мекеме көрсететін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерінің тізбесі, қажетті құжаттардың тізімі, ұсынылатын көрсетілетін қызметтерге баға преЙскуранты мемлекеттік мекемеде көрнекі ақпарат орындарына орналастырылады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурста орналастырылады.

9. Көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес мемлекеттік мекемеде белгіленген күн тәртібіне сәйкес күн сайын ұсынылады.

10. Көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін ұсыну үшін күтуге тиісті жағдай жасалады.

3. Ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түскен ақшаны жұмсау тәртібі

11. Көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен мемлекеттік мекеменің ақшасы көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны есепке алу үшін ашылған шотқа

есепке алынады және "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу реестрінде тіркелген № 994) бекітілген тәртіппен рәсімделген және ұсынылған төлеуге берілетін шот негізінде жұмсалады.

12. Ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақша мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаның түсімдер мен жұмсалу жоспарлары бойынша жоспарланады және пайдаланылады.

Өз иелігінде қалатын ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаның түсімдер мен жұмсалу жоспарларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекітеді және Бұйрықпен бекітілген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға келісуге береді.

13. Мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақша қатаң түрде нысаналы мақсаты бойынша:

1) зертханалық зерттеулерді жүргізуге;

2) мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық базасын жарақтандыру үшін техниканы, ауыл шаруашылығы, зертханалық құрал-жабдықтарды және тетіктерді сатып алуға;

3) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізуге;

4) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласында ауыл шаруашылығы және зертханалық жұмыстар жүргізу үшін мемлекеттік мекеме тартатын штаттан тыс маусымдық мамандар мен жұмысшылардың қызметтеріне, еңбегіне ақы төлеуге;

5) тауарлы материалдық құндылықтарды: жанар-жағармайды, химиялық реактивтерді, қосалқы бөлшектерді, байланыс құралдарын, метеорологиялық деректерді, еңбекті қорғауды, өрт қауіпсіздігі мен гигиенаны қамтамасыз ету үшін арнайы қорғану құралдарын, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің ағымдағы мақсаттары үшін қажетті заттар мен материалдарды сатып алуға;

6) көлік, байланыс қызметіне, коммуналдық қызметке, әкімшілік және қойма үй-жайларын жалға алу, көлік құралдарын техникалық байқау және міндетті сақтандыру, мемлекеттік мекеменің мамандандырылған жабдықтарын тексеру жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге;

7) мемлекеттік мекеменің материалдарын толықтыру үшін баспа басылымдарын, ғылыми, әдістемелік және арнайы әдебиеттерді сатып алуға;

8) мемлекеттік мекеменің ғылыми, әдістемелік материалдарын және ресми бюллетендерін шығаруға;

9) мемлекеттік мекеменің мамандарын даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға;

10) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы нәтижелердің деректерін автоматты өңдеуді арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға және енгізуге;

11) мемлекеттік мекеме үшін шетелдік хат-хабарлар мен ғылыми құжаттамалар аудармашыларының қызмет көрсетуін сатып алуға;

12) жарнамалау мен насихаттау жөніндегі бұқаралық іс-шараларды өткізуге (егіс күні, семинарлар, көрмелер, саяхаттар мен тұсаукесерлер);

13) мемлекеттік мекеменің жұмыс істеуіне байланысты ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жөндеуге;

14) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің іссапар, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапар шығыстарына;

15) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін еңбек көрсеткіштері үшін көтермелеуге жұмсалады.

14. Мемлекеттік мекеменің қызметтерді өткізуден түсетін өз иелігінде қалатын ақшаны есепке алу және оның жұмсалуды туралы есептілік Бұйрықпен бекітілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне
агрохимиялық
қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік
мекеменің
көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша
ақылы
қызмет түрлерін көрсету және оның
көрсетілетін
қызметтерді өткізуден түскен ақшаны
жұмсау қағидаларына қосымша

Нысан

Тіркеу журналы/Журнал регистрации

Тіркеу №/ регистрационный №	Қабылдау күні/ Дата приема	Өтініш берушінің немесе оның уәкілетті өкілінің тегі , аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/ Фамилия, имя, отчество (при наличии) заявителя или его	Ақылы негізде көрсетілетін қызметті өткізу бойынша қызмет түрі/ В и д деятельности по реализации услуг,	Қоса берілген құжаттардың саны мен атауы/ Количество и наименование приложенных документов	Өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы/ Фамилия, имя, отчество (при наличии) и подпись ответственного
-----------------------------------	-------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

		уполномоченного представителя	оказываемого на платной основе		должностного лица, принявшего заявление
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК